# СТЕПНОГОРСК Ақшамы

Аймақтық қоғамдық-саяси газеті
http://stepnogorsk.gov.kz

19 қыркүйек 2019 жыл № 38 (684)


ГАЗЕТТЕН ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:



2 - бет

Елбасы жолдауы, адал жол ел тірегі



4 - бет

## Ел Президентінің Ақмола облысындағы сапары



Мемлекет басшысы «Урожай» ЖШС-нің агроөнеркәсіп кешенінде болды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа компанияның қызметі, диірмен кешенінің, элеватордың, комбикорм зауытының және нан-тоқаш өнімдерін шығару жөніндегі өндіріс нысандарының жұмысы туралы мәлімет берілді.

Қазақстан Президентіне агрокәсіпорнында қуаты жөнінен жылына 12000 тонна түрлі жармалар мен жылдам дайындалатын сұлы қауыздарын өндірудің жаңа технологиялық үдерісі, сондай-ақ дайын өнімнің үлгілері көрсетілді.

Мемлекет басшысы аграрилердің назарын мемлекет бөлген ауыл шаруашылығы субсидияларын тиімді пайдалану қажеттігіне аударды.

дәрежедегі спорт шеберлерін дайындап шығарды.

Мемлекет басшысы грек-рим күресінен Олимпиада чем-

март Тоқаевқа дәнді және майлы дақылдардың жаңа сорттары көрсетілді.

Мемлекет басшысы меха-

...білді. Оған көрініске көмек берген мектептің келесі оқушыларымызға алғысымыз шексіз: Гробовцов Сергей 3 сынып, Жартаев Темірлан 4 сынып, 5 сынып оқушылары Кишнякина Дарья, Үсенбаев Бағдәулет, Ищенко Анна 6 сынып. Оқушылардың жетекшісі Арыстанбекова Ботагөз Ғазизовнаға рақметімізді білдіреміз. Жеңістерің құтты болсын!

**№4 ГМ баспасөз қызметі**

11 қыркүйек күні Степногорск қаласына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік істер агенттігі Ақмола облыстық департаментінің басшысы берген Беспалинов ... мақсатқа сай келеді. Сонда ғана мемлекеттік қызметтің сапасы мен абыройы арта бермек.

Елбасы жолдауынан туындайтын міндеттер де назарға алынды. Жолдауда көрсетілген мақсаттар үнемі күн тәртібінен назардан шығармады.

Мемлекеттік қызметші болу –үлкен абырой мен міндеттер жүктейді. Соған лайық болу үшін тырысқан мақұл деді ол.

**Полатбек ЖАНБАЕВ**

# Ұлт тілі – ұлы тіл



«Ұлттың сақталуына да басталуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» - деген еді ұлы ұстаз А. Байтұсынұлы.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Үш тілді білім беру – болашақта бәсекеге қабілетті маман өсіру және оның нақты бағытын қалыптастырумен мақсатымен орталық қалалық кітапханада «Жас журналист» клуб мүшелері «Үш тілді білім беру болашақ баспалдағы» атты репортаж-сұқбат өткізді.

Кітапханашы жастарға үш тілде білім беруді табысты жүзеге асыру, үш тілде білім беруді дамыту жол картасы туралы мәселелерді талқылап,көптеген мәлімет берді.

**Кітапхана баспасөз қызметі**

# Жолдағы қабылдау тиімді

Полиция – ел қорғаны. Сол үшін тұрғындар полиция мамандарын өздеріне жақын санайды. Тіршіліктің сан алуын күйбеңімен талай шаруаға қол тимей жатады. Осы ыңғайсыздықты болдырмау үшін полиция мамандары да жақсы бастама көтеріп жүр. 13-14 қыркүйек күндері Степногорск қаласының полиция басқармасы азаматтарды жол бойында қабылдау мақсатында «Жолда қабылдау» республикалық акциясы шеңберінде іс-шара өткізді.

Шаһар азаматтарының құқықтық сауатын арттыру да басты мақсат болған сыңайлы. Өзқұқығын біле бермейтіндер де бар. Сол үшін оларға жөн сілтеуге тура келеді.

Степногорск қаласындағы 4 және 1 ықшамаудандарыда ұйыдастырылған арнайы мобильді топ т сол күнгі сағат 9-дан кешкі 19-ға дейін қала тұрғындарының қойған сұрақтарына жауап берді. Жұма мен сенбіге тура келген бұл сәт азаматтар үшін де ыңғайлы болған сияқты. Көші-қон мәселесі де жұртшылықты қызықтырады. Шетелден келген азаматтың неше күнде тіркеуге тұруы керектігі айтылды. Қазіргі жағдайда азаматтарға жүргізуші куәлігін беру, әкімшілік айыппұлдарды төлеу тәртібі, сондай-ақ азаматтардың жеке сұрақтары өзекті мәселе есебінде назарға алынды. Берілген кеңестер жұртшылықтың ойынан шыққаны да рас.

Күніне 90-ға жуық азамат жол бойынша полиция мамандарынан кеңестер алған.

Осындай акция жиі болып тұрса деген ойларын да жасырмағандар болды.

**Полатбек ЖАНБАЕВ**

# Ел тарихы көрмеде

«Горняк» ОМС нысанында 11 қыркүйек күні "Рухани Жаңғыру" жобасы бойынша "Өлке тарихы - Ел тарихы" атты фотокөрме ұйымдастырылды. Ол Ақмола облысының тарихына байланысты жайттарды қамтыған болатын.

Мұнда аймақтағы 17 аудан мен екі қаланың тарихы назарға алынды.

Фотосуреттер Ақмола облысының керемет көріністерін көз алдымызға алып келді. Ел тарихына байланысты мол мұраны көруге мүмкіндіктер болды.

Сағат 11-ден 16-ға дейін жалғасқан көрме қызықтылығымен, маңыздылығымен есте сақталатын болады.

Мектеп оқушылары да осы көрмені тамашалап, өздеріне мол ғибрат алды. №5 КМЛ оқушыларының ықыласы ерекше болғаны рас.

Бұл көрмені облыстық мұрағат мекемесі ұйымдастырған болатын.



Ақшам-ақпарат